

**"Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу мен келісу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 маусымдағы № 630 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 511 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 329 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу мен келісу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 маусымдағы № 630 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу мен келісу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Комиссияның жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Комиссияның жұмыс органы болып табылады»;

2) көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*С. Ахметов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

22

мамырдағы

№

511

қаулысына

қосымша

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

қосымша

**Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын  
өзірлеу мен келісу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық  
комиссияның құрамы**

Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі, төраға
Нокин Серік Кеңесұлы	-	Қазақстан Республикасының Өңірлік даму вице-министрі, төраға орынбасары
Дембай Салауат Маханбетұлы	-	Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Сәулет, құрылысы және құрылыс департаментінің директоры, хатшы
Ақпombaев Иманжүсіп Латкенұлы	-	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары
Егемберді Ерғали Қуандықұлы	-	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
Нысанбаев Ерлан Нұралыұлы	-	Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі
Жақсалиев Бақытжан Мұхамбетқалиұлы	-	Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технология вице-министрі
Қасымбек Жеңіс Махмұдұлы	-	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі жауапты хатшысы
Құсайынов Марат Әпсеметұлы	-	Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Қырықбаев Арман Оразбайұлы	-	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі
Смайылов Жанболат Амангелдіұлы	-	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі
Толыбаев Марат Еркінұлы	-	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі
Толымбаев Берік Зиябекұлы	-	Қазақстан Республикасының Мұнай және газ вице-министрі
Төкежанов Болат Тұрғанұлы	-	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі
Тұрғымбаев Ерлан Заманбекұлы	-	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
Ашурев Айдын Жұмабекұлы	-	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының орынбасары
Омаров Мұрат Ескелдіұлы	-	Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының орынбасары

